

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 27 қараша 2023 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ еншілес компаниясы «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырын жаңғырту үшін 20 млрд теңге тартты

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта жаңарту және кеңейту, 1 кезек» инвестициялық жобасын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан дағдарысқа қарсы қаражат беру шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-нің (қатысу үлесінің 100% - ы «ҚазТрансОйл» АҚ-қа тиесілі) 20 млн облигациясын жалпы сомасы 20 млрд теңгеге сатып алды.

Өз кезегінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жобаны қаржыландыру үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-тан 20 млрд теңге сомасына осындай облигациялық қарыз тартты.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2022 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен жобаны іске асыруға «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Ұлттық қорынан 70 млрд теңге көлемінде дағдарысқа қарсы қаражат бөлінді, оның 50 млрд теңгесі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тан облигациялық қарыз түрінде «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС 2023 жылдың сәуірінде тартылды.

Жобаны іске асыру «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының өткізу қабілетін 2024 жылы тәулігіне 110 мыңнан 170 мың текше метрге дейін арттыруға мүмкіндік береді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Инвесторлармен байланыс қызметі**